

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті

Тақырыбы:

Еңбек қорғаудың құқықтық негіздері

Орындаған: Келесбекова У.М

Қабылдаған: Ділдәбек Д.С

Курс: 3

Тобы: В17БТЕХ-1,3

Тараз 2019ж

ЖОСПАРЫ:

КІРІСПЕ

1. Еңбекті қорғаудың негізгі заңдары
2. ҚР-ның еңбек қорғау инспекциясы
3. Еңбек қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттар
4. Еңбекті қорғаудың қосымша заңдары

ҚОРЫТЫНДЫ

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ



КІРІСПЕ

Еңбекті қорғау – жұмыс барысында адамның қауіпсіздігіне, денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігін сақтауға кепілдік беретін әлеуметтік – экономикалық, ұйымдық, техникалық, гигиеналық және емдік – профилактикалық шаралар.

Еңбекті қорғау қатынастарын және қауіпсіз еңбек шараларын реттейтін заңдар жиынтығы – ҚР Еңбек кодексімен реттеледі. Ол алғаш рет 2007 жылы 15 мамырда күшіне енген.

Еңбек кодексінің негізгі ережелеріне жұмыс беруші мен жұмысшының міндеттері мен құқықтары, еңбек қатынастары, жұмыс уақыты мен тынығу уақыты, жазатайым оқиғаларды тіркеу мен тергеу ерекшеліктері, әр түрлі санатқа жататын жұмысшыларға берілетін мемлекет тарапана берілетін жеңілдіктері, ұжымдық шарттар, жұмыс берушінің еңбек саласындағы актілері, мемлекеттік органдардың еңбек қатынастарын реттеу саласындағы құзыретіліктері, еңбек қатынастары, еңбекке ақы төлеу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлер құқықтарының кепілдіктері және т.б. жатады.



1. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ ЗАҢДАРЫ

Еңбек қорғаудың заңдылықтарына Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен басқа да мемлекеттік актілері, кәсіподақтарының орталық кеңесінің заңдылық актілері және кәсіподақ ұйымымен келісілген министрліктердің нұсқаулары мен ережелері, сондай – ақ ішкі тәртіп ережесінде көрсетілген еңбек қорғаудың нормалары жатады.

Еңбек қорғау мәселелері Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, кәсіпорынның еңбек қорғау қызметі туралы ережесінде айқындалған.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2007 жылы 15 мамырдан бастап қолданысқа енгізілді. Ол 6 бөлім, 40 тарау, 341 баптан тұрады.



Кодекстің бірінші бөлімі жалпы ережелерді қамтиды, оның ішінде осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты мен принциптері, мемлекеттік органдардың еңбек қатынастарын реттеу саласындағы құзыреті, еңбек қатынастары субъектілерінің құқықтары мен міндеттері белгіленген.

Кодекстің екінші бөлімі еңбек қатынастарына, яғни еңбек шартын жасасу, еңбек тәртібін қамтамасыз ету, жұмыс және тынығу уақыттары, еңбекке ақы төлеу, жұмысқа орналастыру, еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі және жеке еңбек дауларын қарау мәселелеріне арналған.

Кодекстің үшінші бөлімінде қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеу ерекшеліктері, атап айтқанда, жасөспірімдер мен әйел адамдардың еңбегін реттеу, ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда қызметкерлердің еңбегін реттеу ерекшеліктері сараланған.



Кодекстің төртінші бөлімінде еңбек саласындағы әлеуметтік пен ұжымдық қатынастарды ұйымдастыру мен өзара келісімдер жасасу тәртібі, ұжымдық шарттың мазмұны және ұжымдық еңбек дауларын қараудың тәртібі белгіленген.

Кодекстің бесінші бөлімі еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғауға бағытталған. Онда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға байланысты мемлекеттік саясат, қызметкерлер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды ұйымдастырудың талаптары, жазатайым оқиғалар мен өзге де зақымдануларды тергеп-тексеру мен есепке алудың жолдары заңдастырылған.

Кодекстің алтыншы бөлімінде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылаудың талаптары заңдастырылған.



2. ҚР-НЫҢ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ИНСПЕКЦИЯСЫ

Еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласында мемлекеттік реттеу ҚР еңбек қорғау инспекциясы іске асырады. Еңбек инспекциясы басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады және де еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарына тікелей өзге де қатынастарды еңбек қатынас тараптарының құқықтары мен мүделерін қорғау функциясын атқарады. Олардың атқаратын негізгі міндеттері мен функциялары болады.



Негізгі міндеттері:

- ҚР еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;
- Қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықты қоса алғанда, жұмыскерлердің құқықтарымен бостандықтарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету;
- ҚР еңбек заңнамасының мәселелері бойынша жұмыскерлермен жұмыс берушілердің өтініштерін, арыздарын және шағымдарын қарау болып табылады.



Негізгі функциялары:

- ҚР еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- Жұмыс берушілер ұсынған ұжымдық шарттардың мониторингін жүзеге асырады;
- Өндірістік жарақаттанудың, кәсіптік аурулардың кәсіптік уланулардың себептеріне талдау жүргізеді және олардың профилактикасы жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды осы Кодексте және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртәппен тергеп-тексереді;
- Жұмыс берушілердегі еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдардың білімін тексеруді жүргізеді;
- Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау мониторингін жүзеге асырады;
- Жұмыс берушінің қызметін декларациялауды жүзеге асырады.



3. ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАР

Қазақстан Республикасында еңбек қорғау жөніндегі заңдары мен нормативтік-техникалық құжаттар:

- Республикасының Конституциясына;
- Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңына;
- Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау заңына;
- Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдары мен кодексіне;
- Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету заңына;
- Қазақстан Республикасының еңбек қорғау заңына негізделінген.

Құқықтық қатынастарды реттейтін негізгі құжат Қазақстан Республикасының конституциясы болып табылады. Онда әрбір азаматтың демалуға, еңбек етуге, денсаулығын сақтауға, зейнетақы алуға, тегін медициналық көмек алуға құқығы бар делінген. Барлық заңнамалар еңбек туралы заңда көрсетілген.



4. Еңбекті қорғаудың қосымша заңдары

Еңбек қорғау жөніндегі заңдар дегеніміз – бұл өзара бір-бірімен тығыз байланысқан заң актілерінің жүйелері, яғни:

Мемлекеттік
маңызы бар



Шаруашылықтың барлық салаларындағы еңбек қорғаудың саясатын анықтайды.
Өнеркәсіпті және басқа қызметтері әртүрлі объектілерді жобалау, салу және пайдалану кезінде міндетті түрде орындау үшін құқықтық және мөлшерлік база болып табылады.

Салалық маңызы
бар



мемлекеттік негізде жасалынады және кейбір салалардың еңбек қорғау облысындағы ерекшеліктері ескеріледі. Кәсіпорын көлемінде әрекет жасайтын заң актілері мемлекеттік және салалық заң актілерінің талаптарына байланысты дайындалынады және кейбір кәсіпорындардағы, өндірістердегі, цехтардығы, бригадалардағы, жұмыс орындарындағы еңбек қорғаудың ерекшеліктері бейнеленіледі.

Кәсіпорын
көлемінде әрекет
жасайтын заң
актісі



ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында еңбек ету, демалу, денсаулықты қорғау және жасы ұлғайғанда, ауырған және еңбекке жарамдылығынан айырылғанда материалдық қамсыздандырылу құқығы ата заңмен қорғалған.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы Еңбек кодексінен, Қазақстан Республикасының заңдары мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.



ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. С.Қосжанов, Д.Ділдабек, С.Шертиев; Өндірістегі қауіпсіздік. Оқу құралы. – Тараз.:ТарМУ.,2010 – 150бет;
2. Қ.Т.Жантасов, Е.Н.Кочерв, А.С.Наукенова, М.Қ.Жантасов; Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі. Алматы.:2011 – 255 бет;
3. <https://studopedia.org/12-1139.html>.

